

**Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 305 "2019-2021 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 329 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 6039 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 305 "2019-2021 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-227 санымен тіркелген, 2019 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "29753,0" сандары "34395,0" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттердің түсімдері - "27291,0" сандары "31933,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "29753,0" сандары "36713,4" сандарымен ауыстырылсын;

4) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профицит) – "0" саны "-2318,4" сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – "0" саны "2318,4" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 11064,0 мың теңге:

мемлекеттік органның күрделі шығыстарына 2243,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Айшуақ ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне республикалық бюджеттен ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 2399,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансфертті бөлу Айшуақ ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.".

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Былқайыр

Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы  
29 наурыздағы № 329 шешіміне қосымша  
Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4  
қаңтардағы № 305 шешіміне  
1 қосымша

## 2019 жылға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
		I. КІРІСТЕР	34395,0
1		Салықтық түсімдер	2212,0
	01	Табыс салығы	100,0
	2	Жеке табыс салығы	100,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	2112,0

	1	Мүлікке салынатын салықтар	66,0
	3	Жерсалығы	46,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	2000,0
2		Салықтық емес түсімдер	250,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	250,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	250,0
4		Трансферттердің түсімдері	31933,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	31933,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	31933,0
<b>II. ШЫҒЫНДАР</b>			<b>36713,4</b>
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21150,4
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	21150,4
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21150,4
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17150,4
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4000,0
04		Білім беру	12403,0
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	12403,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	12403,0
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	12403,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	873,0
	2	Әлеуметтік көмек	873,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	873,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	873,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2287,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	2287,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2287,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1510,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	217,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	560,0
		III. Бюджет тапшылығы (профицит)	-2318,4
		IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	2318,4
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2318,4
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	2318,4
	1	Бюджет қаражаты бос қалдықтары	2318,4